

"Қызылжар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі және мөлшерін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 1 қазандағы № 8/6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2026 жылғы 16 маусымдағы № 31/2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 18 маусымда № 38995 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ
ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қызылжар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі және мөлшерін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 1 қазандағы № 8/6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24719 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырып келесі редакцияда жазылсын:

"Қызылжар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу қағидалары мен мөлшерін бекіту туралы";

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қызылжар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу қағидалары мен мөлшері бекітілсін.";

аталған шешіммен бекітілген қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар аудандық

мәслихатының

2021 жылғы 1 қазандағы

№ 8/6 шешімімен бекітілген";

тақырып келесі редакцияда жазылсын:

"Қызылжар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу қағидалары мен мөлшері";

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қызылжар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу қағидалары мен мөлшері (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қызылжар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен бекітілген "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – шығындарды өтеу Қағидалары) сәйкес әзірленді.";

7-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"7. Оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері әрбір мүгедектігі бар балаға ай сайын бес айлық есептік көрсеткішке тең."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының Ж. Елеусизов
төрағасы